

Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 20 ақпандағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-09/03 шешімінің күшін жою туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 3 қарашадағы № 1-09/05 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 30 қазандағы № 2-19/728 ұсынымы негізінде, "Сергей" шаруа қожалығында ірі қара малдан бруцеллез ауруы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастауға байланысты, ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округінің "Сергей" шаруа қожалығы аумағында мал шаруашылығы саласы бойынша шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 20 ақпандағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-09/03 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4316 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда № 8 "Ақсу жолы" және № 8 "Новый путь" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Евгеньевка селолық округі
Әкімінің міндетін атқарушы*

Б. Сукер